



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 23 ақпандағы № ДС-79

Құрметті депутаттар!

Сіздердің кезекте тұрған азаматтарға тұрғын үй салу және сатып алу үшін қосымша қаражат бөлуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Республикалық бюджеттен кезекте тұрған азаматтарға тұрғын үй салу және сатып алу үшін қосымша қаражат бөлуге қатысты

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) әлеуметтік жағынан осал санаттағы азаматтарға сатып алу құқығынсыз жалға беру мақсатымен тұрғын үй салу және сатып алу жоспарланған, нысаналы индикатор – жыл сайын 10 мың пәтер.

Тұжырымдамаға сәйкес аталған мақсаттарға республикалық бюджеттен шығыстар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган айқындаған нормативке сәйкес міндетті түрде жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландырыла отырып көзделеді.

2024 жылға арналған республикалық бюджетте әлеуметтік жағынан осал санаттағы азаматтарға 4 910 пәтер сатып алу үшін 66,8 млрд теңге сомасында шығыстар көзделген, оның ішінде Абай облысына – 145 пәтерге 2 млрд теңге.

Қосымша қаражат бөлу мәселесі заңнамада белгіленген тәртіппен 2024 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде және 2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру шеңберінде қарастырылатын болады.

Заңсыз иемденілген активтердің мемлекетке қайтарылған қаражатының бір бөлігін тұрғын үй құрылысына және жаңа үйлер сатып алуға жұмсауға қатысты

«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде Ұлттық экономика министрлігі Арнаулы мемлекеттік қор (*бұдан әрі – Қор*) есебінен объектілер салуды және реконструкциялауды қаржыландыру үшін Әлеуметтік және экономикалық жобаларды іріктеу және өлшемшарттарын айқындау тәртібін (*бұдан әрі – Қағидалар*) бекітті (2023 ж. 20.09. № 165 бұйрық).

Қағидаларға сәйкес әлеуметтік жобаларға денсаулық сақтау, білім беру, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын, мүгедек адамдарды, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, ауыл жастарын, жұмыссыздарды, моноқалалар, ауылдық елді мекендер тұрғындарының мұқтаждықтары үшін коммуналдық және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым объектілерін қолдау саласындағы жобалар және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де жобалар жатады.

Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарына Қор есебінен (қаражат болған жағдайда) тұрғын үйлер салуды қаржыландыру мәселесі заңнамада белгіленген тәртіппен қарастырылады.

Бағалы қағаздар шығару арқылы тұрғын үй салуға қаражат тарту мәселелеріне қатысты

Бюджет кодексіне сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (*бұдан әрі – ЖАО*) қарыз алу түрлерінің бірі Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу мақсатымен мемлекеттік бағалы қағаздар (*бұдан әрі – МБҚ*) шығару болып табылады.

Тұтастай алғанда, 2024 жылға МБҚ шығару есебінен кредиттік тұрғын үйлер салуға республика бойынша 10 мың пәтерге 109 млрд теңге, оның ішінде Абай облысына 480 пәтерге 7,5 млрд теңге көзделген.

МБҚ шығару есебінен кредиттік тұрғын үйлерді қосымша салу мәселесі ЖАО-ның тиісті қаржы жылына белгіленген лимитін ескере отырып қарастырылатын болады.

О. Бектенов

*Орын.: Е.Қ. Сәрсенбаев
Тел.: 75-00-27*



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-79 от 23 февраля 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно дополнительного финансирования строительства и приобретения жилья для очередников, сообщаю следующее.

Касательно выделения дополнительных средств из республиканского бюджета на строительство и приобретение жилья для очередников

Концепцией развития жилищно-коммунальной инфраструктуры на 2023 – 2029 годы (далее – Концепция) запланированы строительство и приобретение жилья социального назначения для предоставления в аренду без права выкупа для социально уязвимых слоев населения, с целевым индикатором ежегодно по 10 тысяч квартир.

В соответствии с Концепцией расходы из республиканского бюджета на данные цели предусматриваются согласно нормативу, определенному уполномоченным органом в области жилищно-коммунального хозяйства, с обязательным софинансированием средств из местных бюджетов.

В республиканском бюджете на 2024 год на приобретение 4 910 квартир для социально уязвимых слоев населения предусмотрены расходы в сумме 66,8 млрд тенге, в т.ч. области Абай – 2 млрд тенге на 145 квартир.

Вопрос дополнительного финансирования будет рассмотрен в установленном законодательством порядке в рамках уточнения республиканского бюджета на 2024 год и формирования проекта республиканского бюджета на 2025 – 2027 годы.

Касательно использования части средств из возвращенных государству незаконно приобретенных активов на жилищное строительство и приобретение новых домов

В рамках реализации Закона Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов» Министерством национальной экономики утверждены Правила отбора и определения критериев социальных и экономических проектов (далее – Правила) для финансирования строительства и реконструкции

объектов за счет Специального государственного фонда (далее – Фонд) (приказ от 20.09.2023 г. № 165).

Согласно Правилам к социальным проектам отнесены проекты в сфере здравоохранения, образования, поддержки социально незащищенных слоев населения, лиц с инвалидностью, детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, сельской молодежи, безработных, объектов коммунальной и социально-культурной инфраструктуры для нужд жителей моногородов, сельских населенных пунктов и иные проекты, определяемые Правительством Республики Казахстан.

Вопрос финансирования строительства жилых домов для социально уязвимых слоев населения за счет Фонда (при наличии средств) будет рассмотрен в установленном законодательством порядке.

Касательно привлечения средств путем выпуска ценных бумаг на строительство жилья

Согласно Бюджетному кодексу одним из видов заимствования местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения, столицы (далее – МИО) является выпуск государственных ценных бумаг (далее – ГЦБ) для обращения на внутреннем рынке для финансирования строительства жилья в рамках реализации Концепции.

В целом на 2024 год за счет выпуска ГЦБ на строительство кредитного жилья по республике предусмотрено 109 млрд тенге на строительство 10 тысяч квартир, в том числе области Абай – 7,5 млрд тенге на 480 квартир.

Вопрос дополнительного строительства кредитного жилья за счет выпуска ГЦБ будет рассмотрен с учетом лимита долга МИО на соответствующий финансовый год.

О. Бектенов

*Исп.: Сарсенбаев Е.К.
Тел.: 75-00-27*